



ISSN 1728-5461

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
№ 3 (14)

Алматы, 2007

## XX ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ

С.О.Смагулова –

*тар.ғыл.к., доцент, Абай атындағы ҚазПҰУ*

XX ғ. 20-30 жылдарында Қазақстанда қазақ тілінде шыққан мерзімді басылымдарда көтерілген мәселелердің бірі – елдің мәдени құрылысы, яғни сауатсыздықты жою, ағарту, өнер, салт-дәстүрді жаңғырту мәселелері болып табылады.

20-30 жылдардағы Қазақстанда болған қиыншылықтарға қарамастан елдің мәдениеті алға жылжып, халықтың мәдени салт-дәстүрі, әдебиеті, өнері ілгеріледі. Аталмыш жылдар аралығында Қазақстанда қазақ тілінде бірнеше ондаған газет-журналдар шықты. Осы жылдар аралығында шыққан газет-журналдардың айдарлары уақыт талабына сай өзгеріп отырды. Үкіметтің өзекті деп тапқан мәселелері мерзімді басылымда көтеріліп, оқырмандар арасында пікірталас тудырды.

Мәдени-ағарту ошақтары кітапханалар мен мұражайлар, театр, жұмысшылар клубтары, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қызыл отаулар мен керуендер мәселесі баспасөзде кенінен насихатталып, олардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы аса маңызды мәліметтер беріп отырды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында республикалық, облыстық мерзімді басылымдардың ұстанған негізгі бір бағыты – бұл қазақ халқының оқу-ағарту, әдебиет пен өнерін насихаттау болды. Елдегі соғыс ылануы, шаруашылықтағы күйзеліс, жұт, ашаршылық кезінде еңсесі түскен халықтың мәдени жағынан көтеру өте қажет еді.

Мәдени шараларды жүзеге асыруда бірінші орында сауатсыздықты жою мәселесі тұрды. Бұл іске оқыған, білімдер азаматтардың қолдауы аса қажет болды. Халық ағарту саласына қазақ зиялыларын тарту Кеңес өкіметінің екпінді мәселелерінің біріне айналды. 1920 жылы Халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынов ағарту саласының нақты міндеттерін атап, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А. Байтұрсынов алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін баса көрсетіп, оның екі жолын көрсетті. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау, ал екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру мәселесін де көтерді.

1920 жылы Түркістан Автономиялық Республикасының Орталық Атқару Комитеті жанынан Қазақ (қырғыз) бөлімі ашылып, оның мүшелігіне Нәзір Төреқұлов, Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, хатшылары Халел Досмұхамедов пен Махмұд Бұдайовтар сайланады. Тамыз айының 21-де Халық Ағарту Комиссариатының кеңейтілген мәжілісінде өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен Білім Комиссиясы құрылып, оның Қазақ – қырғыз бөлімінің төрағалығына Иса Тоқтыбайұлы, мүшелері Х. Досмұхамедов, Ходжиков, Көшербайұлы құрамында іске кіріскен еді.

1921 жылдың 11-18 маусымында Орынборда өткен Қазақстан РКП(б)-ның бірінші конференциясында елдегі мәдениетті көтеру үшін алты түрлі міндеттерді шешу қажет деп көрсетті. Ол міндеттерге, біріншіден, пролетариаттың таптық сана-сезімін нығайтуды, екіншіден, Қазақ АКСР-інде тұратын халықтардың арасындағы ұлттық антагонизмді жоюды, үшіншіден, Кеңес

өкіметін оның мәні мен шараларын халыққа түсіндіру арқылы нығайтуды, төртіншіден, халықтың, әсіресе қазақтардың саяси және жалпы сауаттылығын көтеруді, бесіншіден, көшпенді қазақтардың отырықшылық өмірге шапшаң көшуіне көмектесуге бағытталған шараларды, алтыншыдан, өндірістік үгіт пен насихатты жатқызды.

Конференция саяси-ағарту жұмыстарын жүргізіп, халықтың сауатсыздығын жою, ол үшін мектептер мен оқу орындарына арналған оқулықтар мен саяси әдебиеттерді шығаруды қолға алу қажеттігін баса айтты. “Бізде осы уақытқа дейін қазақ тілінде саяси әдебиет жоқтың қасы, ал оны жасамайынша, қазақ халқы арасында ешқандай үгіт-ағарту, мәдени-ағарту және саяси-ағарту болуға мүмкін емес”, – деп келтірілді конференция қарарында /1/. Осы конференция өтісімен үкімет бірінші кезекте газеттерге оқу-ағартуға арналған арнайы айдар ашып, үгіт-насихат ісін ұйымдастыру мәселесін қолға алуды жүктеді. Ол үшін өлкеде баспасөзді күшейту қажет болды.

1921 жылдың қазан айынан бастап Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының төрағалығына Халел Досмұхамедов тағайындалады. Білім Комиссиясының басшысы ретінде Х. Досмұхамедов бірден қазақ-қырғыз мектептері мен жоғары оқу орындарында оқылатын пәндердің бағдарламасын жасауға, түрлі саладағы оқулық кітаптар жазуға, ғылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жүйелеу, бастыру жұмыстарына белсенді түрде ат салысса, ал А. Байтұрсынов Халық Ағарту Комиссариаты мен ҚАКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясында еңбек мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру туралы мәселе көтеріп, қазақ зиялыларының басын біріктірген жиылыс өткізіп, оған Ә. Бөкейханов, С. Сәдуақасов, Б. Сәрсенов, Х. Болғанбаев, Е. Омаров, Ж. Аймауытов сияқты зиялылар қатысты. ХАК-ның тапсырысымен Ә. Бөкейханов географиядан, А. Байтұрсынов қазақ тілінің синтаксисін, Б. Сәрсенов геометриядан, М. Жұмабаев педагогика мен қазақ тарихы мен сөз өнері теориясынан, И. Тұрғанбаев арифметикадан, Е. Омаров алгебрадан, Х. Болғанбаев жалпы тарихтан, Ж. Аймауытов дидактикадан, С. Сейфуллин мен Ж. Аймауытов хрестоматиядан, Ж. Тілеулин мектеп гигиенасынан, Ф. Ғалымжанов физикадан оқулықтарды жазуға тиіс болды /2/.

1921 жылдың өзінде Орта Азия мемлекеттік баспасына А. Байтұрсыновтың “Әліппе”, “Баяншы”, “Тіл-құралы” (1 және 2 бөлімдерін), Міржақып Дулатовтың “Оқу құралы”, “Есеп құралы”, Иса Тоқтыбаевтың “Жалпы жағырапия”, “Түркістан жағырапиясы”, Халел Досмұхамедовтың “Табиғат тану”, “Жануарлар” кітаптары тапсырылды /3/.

Оқулық кітаптардың шығуы оқу саласындағы ірі жетістіктердің бірі болды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын кітаптарға тапсырыс та көбейіп, оны жазу және басу барысын ХАК-ты тікелей қадағалады. Газет-журналдар да осы мәселе туралы шағын хабарлама беріп отырды. Мәселен, “Қызыл Қазақстан” журналында жақын арада Қазақстан ғылым-әдебиет кеңесі Қаныш Сәтбаевтың қазақ тілінде жазылған алгебра оқулығын талқыға салып, оның оқуға тілі жеңіл, түсінуге ұғымды, ғылым жағынан жаңылыссыз, мектептерде оқытуға болады деген қорытынды шығарғандығы, сонымен қатар бала тәрбиесіне арналып шығарылған профессор Тувминнің “Мектептен бұрынғы тәрбие” атты кітабын Нәзипа Құлжанованың қазақша аударғандығы турасында хабарламалар басылды /4/.

Қазақстанда баспасөздің дамуы сауат ашуға тікелей пәрменді көмек көрсетті. Баспасөз жұмысшы, шаруалармен тығыз байланыс жасай отырып, қазақ жастарын, әйелдерді қоғамдық-әлеуметтік өмірге тарту мәселесінің жайын әр алуан материалдармен күнделікті талқылап отырды. Денсаулық, оқу-ағарту, елді саяси-мәдени жағынан тәрбиелей отырып көтеру баспасөздің негізгі міндетіне айналды.

20-шы жылдардың бас кезінде газеттер-журналдар қазақ мәдениетінің өсуі, қоғамдық еңбекке қатынасы әлі де болса нашар жүргізіліп жатқандығын сынай жазса, келе-келе бұл салалардағы жетістіктер жөнінде де хабарлар жаза бастады.

Елдегі оқу-ағарту ісін жөнге қою, сауатсыздықты жою жұмыстарына партия комиттері, жастар ұялары, әйелдер бөлімдері бірлесе отырып, белсенді түрде кірісті. “Қызыл Қазақстан”, “Әйел теңдігі”, “Әдебиет майданы”, “Қазақ тілі”, “Бостандық туы”, “Жас қайрат”, “Ауыл тілі” және тағы басқа мерзімді басылымдар мәдени іс-шараларға қатысты жүргізіліп отырған жұмыстар жөнінде насихаттап отырды. Ол үшін арнайы айдарлар ашты. Мәселен, “Қызыл Қазақстан” журналының

“Саясат”, “Оқу-білім” бөлімдері болып, онда осы мәселелер төңірегінде мақалалар жарияланып отырған.

“Қызыл Қазақстан” журналына жарияланған “Қазақ арасында оқу жұмыстары қалай жүргізу керек” атты мақалада қазақтардың арасында сауатсыздықты жою үшін алдымен мұғалімдер даяралу мәселесін қолға алу керектігін баса айтылды /5/.

“Жас қайрат” журналы да арнайы “Ағарту бөлімін” құрды. Журналға жариялаған мақалада оқу ісіне, оның басты кемшілігі мен жетістіктеріне тоқтала келе, оқуға барлық жастағыларды таруды ұсынылды. Қазақтардың 90% -ы оқымаған дей отырып, Халық Ағарту Комиссариатының ашқан мектептерін пайдалану керектігін көрсетеді /6/. Журналдың “Тарих һәм саяси бөлім”, “Мектеп ісі”, “Өнер, білім бөлімі”, “Әдебиет бөлімі” деген арнайы айдарлары болған.

Журнал оқу ісінде жарамсыз әдеттердің әлі де болса орын алғандығы, қазақ мектептердің бастауыш сыныптары орыс балаларына жазылған оқулықты қолданып отырғандығы, бұл қазақ балаларына жарамайтындығы, ол үшін біріншіден, қазақ оқулықтарын шығаруды қолға алу, екіншіден орыс мұғалімдерін көбейту мәселелелерін батыл ұсынды. “Қазақша оқып білім алатын болса, орысша оқысын дедік, бірақ қазақ-қырғыз балаларын оқытатын, бұрынан істеп келе жатқан орыс мұғалімдерін көбейтудің шарасына кіріспедік. Бастауыш мектептерде орыс балаларына жазылған кітаптардың қазақ-қырғыз балаларына жарамайтындықтарын ескермедік. Шала сауаттыларды мұғалім қылдық. Олардың қолдарына оқу құралдарын бермей, мылтықсыз ал ат, аусыз балық ұста дедік. Оқытушының қадірін көтермедік”, – деп орын алып отырған кемшіліктерді сынға алды /7/.

Комсомол жастар ұйымы жастар арасында, әсіресе қазақ қыздары арасында оқу-білім алуға үгіт-насихат ісін өрістету мәселесін қолға алып, оларды тәрбиелеу жолындағы міндетті жұмыстарды жүргізді. Қазақ аймақтық жастар комитетінің органы болған “Жас қазақ” журналы бұл жұмыстардың нәтижелерін жариялап отырды. Мәселен, журналға жариялаған А. Оразбаеваның мақаласында қазақ қыздарын жастар ұйымына, білім жолына тарту қажеттігі айтыла отырып: “Жалғыз-ақ оқу-білім арқылы қазақ қыздары саяси жұмысқа қатынаса алады. Отырықшы ел арасында қыздар үшін арнаулы школдар ашу тиіс”, – деп көрсетілді /8/.

Мектептерде оқу бағдарламасынан басқа танымдық тақырыптарда да сабақтар өткізу мәселесі де қолға алынды. Жастарға “Дүние қалай жаратылған”, “Жаңбырды қолдан жаудыру”, “Ауа кемесінің ұшу тарихы”, “Ми қалай құралған”, “Табиғат жаратылыс”, “Адам баласының жаратылысы” және тағы басқа тақырыптарда қосымша сабақтар өткізілді және мерзімді басылымдарда осындай тақырыптарда мақалалар жарияланды.

Баспасөздер “Қызыл отаулардың” қызметі жөнінде де хабарлар басып отырды. “Әйел теңдігі” журналына жарияланған “Қызыл отау жұмысы” атты мақалада барлық Қазақстанда 13 қызыл отаудың барлығы, атап айтқанда бұлардың біреуі көшпелі аудан болып саналатын Сырдария губерниясында, ал қалғандары жартылай көшпелі аудандарда жұмыстар жүргізіп жатқандығы келтірілді. Бұл отаулар әйелдер бөлімдері арқылы қаржыландырылып отырғандығы да, қызметкерлердің барлығы қазақ ұлт өкілдерінен екендігі, 13 қызыл отауда 22 қызметкерлердің барлығы, бұлардың 13-і отау меңгерушілері де 7-уі сауат ашқыш мектептердің оқытушылары, 2-і дәрігер екендігі айтылды.

Қызыл отаулар мереке күндері түрлі кештер мен концерттер, кеңестік жиналыстар өткізіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырды және алда жүргізілетін аса керекті жұмыстарын айқындады. Оларға сауат ашқыш мектептердің жұмысын көркейту, әр отауға дәрігер, заңгер қызметкерлерін алу, отаудың көшетін мезгілін белгілеу, отау қызметі жөнінде “Әйел теңдігі” журналына ұдайы мағлұмат беріп тұру сияқты істерді жатқызды /9/.

1926 жылы құрылған алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны – Қазпедвуздың директоры Т.К. Жүргенов мерзімді басылым арқылы мақалаларында Қазақстанда жоғары оқу орындарын ашу туралы нақты ұсыныс жасады. Ол ең алдымен Алматыда Қазақтың мемлекеттік университетін ашуды қажет деп санады. Өзінің көзқарасының дұрыстығына нақты мысалдар ретінде Ресей ғылым Академиясының және М.В. Ломоносов атындағы Москва университетінің кейбір факультеттерінде алғашқы жылдары бір студенттен болғандығы жайында тарихи мәліметтер келтірді.

Дінге қарсы үгітке де зор көңіл бөлініп, 1926 жылы БКП (б) Өлкелік Комитеті жанынан дінге қарсы қызмет жасайтын кадрлар даярлау міндеті күн тәртібіне қойылды.

Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілуі онда мәдени орталыққа айналдыру қажеттігін көрсетіп берді. БКП(б) Орталық Комитетінің басшылығымен Қазақстан Өлкелік партия комитеті өзінің бюросында және пленумдарында 1926-1929 жылдары оқу, мәдени-ағарту жұмыстары, қазақ әдебиеті мен өнерін дамыту жайында талай рет карап, талқылады.

Мәдени-ағарту жұмысында оқу үйлерін, кітапханалар, клубтар, театрлар және басқа мәдени ошақтар ашу, театрларға арнап әдеби пьесалар жазу ісін қолға алуда қазақ зиялылары тартылды. “Еңбекші қазақ” газеті бұл мәселелерді де жиі көтеріп, осы бағыттағы іс-шаралардың жүргізілу барысы туралы арнайы жазып отырды. Газетке театр ашу ісін қолға алуға кірісу қажеттігі жөнінде жиі көтеріле бастады. “Байқайтын жұмыстың бірі мемлекеттің ұлт театрын орнату, мемлекеттің “рухани” айнасын ашу”, – деп жазды. Театр ашу ісінің ауырлығына тоқтала келе, “Мәдениетті елдердің театрлары ұзақ толғап, көп еңбекпен жарыққа шыққан” деп, театр актерлары арнайы оқу оқып, өз ісіне үйренсе деген талап та қояды /10/.

Театр еңбекші қазақ елінің жанды айнасы ретінде есептелінді. Оның құрылғанына екі жыл толуына байланысты Жұмат Шаниннің “Еңбекші қазақ” газетіне жарияланған есепті мақаласында қазақ театрының жетістіктері мен кемшіліктері айтылды. Театр құрылған кезде арнайы білімді актерлардың нақты дайындығы болмаса да осы екі жылдың ішінде талаптанудың арқасында Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Елубай Өмірзақұлы, Әбдуқай Абдоллаұлы, Әміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы, Жүсіпбек, Оспанұлы, Лагиф Әшкейұлы, Зура Жандарбекқызы сияқты талантты актерлар мен әншілердің қатарының өскендігін, іргелі жетістікке жеткендігін келтіреді. “Жаңа 27-нші жылы мәдениеті марқайған Мәскеу, Ташкент сияқты қалаларға барып театр өзін көрсетті, аз өмірінің ішінде тапқан табысын, білген білімін көршілес кеңес елдерінің майданына салып қайтты. Мәдени жағынан да, саяси жағынан да алған орны июльде Германияда жасалған бүкіл дүние жүзінің ән-күйі көрмесінде театр өзінің өкілі Әмірені жіберіп, қазақтың ән-күйін ұлы дүбір бәйгеге қосып, жақсы атак, зор орын алып қайтты. Мұның қызмет ететін жоғарыдағы аттары аталған артистерді туғызып отыр”, – деп келтірілді мақалада.

Газет театр ісінің өрге басуы жолында арнайы мектеп ашылып, көркем ән, жақсы күй үйретуде ән-күйдің білім жолындағы театры, әннің қағазға жазылатын таңбасы, білім жолымен ән салудың тетіктері сияқты бірнеше сабақ түрлері оқытылып, онда машықтану, ән салғанда демді қалай алу, дауысты әдемілеу, әнді әр түрлі дауысқа бөліп айту, күйсандыққа қосылып ән айтуға үйретілді /11/.

1929 жылғы 11-16 желтоқсанда Алматыда болған ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында ұлттық көркем әдебиет туралы: “Ұлттық көркем әдебиетті, ұлттық театр мен бейнелеу өнерін жасау жөніндегі біздің табыстарымыз әлі мүлдем елеусіз. Қолда бар қазақ көркем әдебиеті негізінен алашордашыл идеологияны таратушы ескі буржуазиялық-ұлтшыл ұрпақтың шығармашылығы, бұл идеологияны осы салада істеуші жеке коммунистер де әлі арылып болған жоқ. Ал қазіргі бар қазақ пролетар жазушылары сан жағынан да, сол сияқты өз шығармашылығының сапасы жағынан да әлі әлсіз және осы уақытқа дейін біздің тарапымыздан қолдау таппай келеді. Совет-пролетариат әдебиетінің өсуі, ең алдымен оған жікшілдік күрес элементтерінің еніп кетуі сияқты кеселді құбылыстармен қатарласа жүруде, мұның түп-тамыры бұқараның мешеу қалғандығында және біздің жағдайымызда осы қозғалыстың жастығында болып отыр”, – деп көрсетілді. Көркем әдебиетті жасауға болатынына сенбеушілік пен күмәнданушылықты батыл жоюды, әдебиеттегі, өнердің басқа салаларындағы буржуазиялық-ұлтшылдық ықпалдардың бәрін аяусыз әшкерелеп, оларға қарсы күрес жүргізу талап етілді.

Пролетариат жазушылардың шығармаларының мазмұнына, көркем құндылығына аса назар аудару, театр репертуарын жете қадағалау, театрдың қазақтың пролетарлық жазушылар қауымдастығымен байланысын нығайту мәселелелерін алға қойды /12/.

Осы қаулыдан кейін театр сахнасында ұлтшыл сарындағы пьесалардың қойылып кетпеуі жіті қадағаланды. Бұрындары көрсетіліп келген қойылымдардың мазмұны тексеріліп, зиянды деген шығармалар әшкереленіп, алынып тасталынды. Бұл туралы газеттерде мақалалар басылып отырды.

Үгіт-насихат және баспасөз бөлімінің төрағасы М.С. Қайыпназаровтың Қазақ Өлкелік партия комитетіне жазған анықтамасында театр сахнасында бұрындары алашордашылардың шығармалары

қойылып, олардың көркемдік маңызы мүлдем болмағандығы, ал соңғы кездерде мазмұнды Б. Майлиннің “Майдан”, Жансүгіровтің “Кек” сияқты пьесалардың қойылып жүргендігі, қазақ музыка саласында да ірі жетістікке қол жеткізгендігі жайында айтылып, театр мен музыка салаларында алашордашы, ұлтшылардың шығармаларына жол бермеу мәселесінің қолға алынғаны айтылды. Бір айта кететін жәйт, анықтамада “Еңбекші қазақ” газетінде қазақ музыкасына қатысты Ғ.Тоғжанов пен І. Жансүгіровтың қате теориялық тұжырымдары жарияланғандығы сыналып өтілді /13/.

Өлкелік партия комитеті пролетариат жазушыларының қауымдастығына мәдени істе, өнерде ұлтшылдыққа орын бермеу үшін өзара сынды күшейту мәселесін қолға алуды міндеттеді. Нәтижесінде мерзімді басылымдарда қазақ зиялыларының бірін-бірі қаралаған мақалаларының кең түрде жариялануына жол берілді. Бірінші кезекте Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мүшелері болған А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Әуезов және тағы басқалардың шығармашылығы сынға алынды. Сондай-ақ, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллиндердің де еңбектері “ескіні көксейтін” зиянды шығармалар қатарына жатқызылды.

Аудандық газеттердің редакторларының І-ші өлкелік мәжілісінде де елдегі мәдени құрылысты дамытуда идеологиялық үгіт-насихатты, буржуазиялық-ұлтшыл элементтерге қарсы күрес жүргізуді күшейту мәселесі көтеріліп, газет-журналдардың әдеби шығармаларды өзара сынауда жеткілікті белсенділік танытпай отырғандығы да айтылды /14/.

Партия мен үкімет тарапынан қойылған қатаң бақылауға қарамастан мәдени құрылыс саласы елеулі жетістіктерге жетті. Қазақ тілінде әдеби, ғылыми әдебиеттер, оқу құралдары шығарылды. Жоғары оқу орындарында қазақ студенттерінің қатары көбейді.

1. *Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-1927) / Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты – КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. – Алматы: Қазақстан, 1987. – Т.1. – 33 б.*

2. ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 258-іс. 41-п.

3. Нұрпейісов К., Құлқенов М. т.б. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 256 б.

4. Қызыл Қазақстан. - 1923. - №22. - 162-163 б.

5. Қызыл Қазақстан. - 1923. - №14. - 12-13 б.

6. Жас қайрат. - 1924. - №1. – 7 б.

7. Жас қайрат. - 1924. - № 6. – 60 б.

8. Жас қазақ. - 1923. -№ 1. – 32 б.

9. Әйел теңдігі. - 1926. - №7-10. - 15-16 б.

10. Басталған жұмысқа орындардан көтермеші күтеміз //Еңбекші қазақ. - 1925. - №391. - 23 октябрь.

11. Еңбекші қазақ. - 1928. - №8.

12. *Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. -Т.2. (1928-1937). –Алматы: Қазақстан, 1988. – 60-63-бб., 412 б.*

13. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 3840-іс. 197-199-пп.

14. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 6517-іс. 111-113-пп.

#### Резюме

В этой статье рассматривается деятельность национальных изданий в 20-30-х гг. XX в. А также указывается роль партии и правительства в вопросах просвещения и искусства. Автор особое внимание уделяет изданиям таких газет, как «Қызыл Қазақстан», «Жас қайрат».

#### Summary

The author researches the evaluation, made by kazakh editions of 20-30 years of the party and the governmental activity on the problems of education and art. The main attention is paid on such editions as “Kzyl Kazakhstan”, “Gas kairat” etc.